

**АЗАМАТТЫҚ АВИАЦИЯНЫҢ ЕКІ МӘРТЕ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ
Т.Ж.БИГЕЛДИНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ ҰШҚЫШТАР
УЧИЛИЩЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘСКЕРИ-ӘУЕ КҮШТЕРІ
ФАКУЛЬТЕТІН ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 6 мамыр
1994 ж. N 486

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін жоғары білікті әскери авиация мамандарын даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Азаматтық авиацияның екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж.Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары ұшқыштар училищесінде Қазақстан Республикасының Әскери-Әуе Күштері факультеті құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік министрлігімен және Білім министрлігімен келісіп:

Қазақстан Республикасы Әскери-Әуе Күштері факультетінің командалық-оқытушылар құрамы мен қамтамасыз ету бөлімшесінің штатын қолдағы штат санының есебінен жасақтасын;

Қазақстан Республикасының Әскери-Әуе Күштері факультеті туралы Ережені, оқу жоспарлары мен курсанттарды даярлау бағдарламасын, факультетке қабылдау шарттарын әзірлеп, бекітетін болсын;

1994/95 оқу жылынан бастап курсанттар қабылдасын және оқу процесін ұйымдастырсын;

Қазақстан Республикасының Әскери-Әуе Күштері факультетінде басқа да мемлекеттердің курсанттарын оқыту жөнінде шарттарды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі Қазақстан Республикасының Әскери-Әуе Күштері факультетін қолдағы оқу-материалдық, тұрғын үй-казармалық және техникалық базаға орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Әскери-Әуе Күштері факультетін 1994 жылы ұстау Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне арналып бекітілген бюджеттің есебінен және соның шегінде жүзеге асырылсын. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен қаржы министрлігі бұдан кейінгі жылдары бюджеттің жобаларын жасау кезінде Қазақстан Республикасының Әскери-Әуе Күштері факультеті үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстар мен бюджет қаражаты бөлінуін көздерсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК